


Түркістан облысы
Келес ауданы
№33 «Жуантөбе» жалпы орта мектебі

«Бекітемін»
Мектеп директорының м.у.а.


----- А. Куатова.

**Бастауыш сыныптар әдістемелік
бірлестігінің 2022-2023 оқу жылына
арналған іс- жоспар**

**Бастауыш пән бірлестігінің шығармашылық
тақырыбы:**

Білім беру үрдісінде жаңартылған білім бағдарламасы аясында белсенді әдістерді меңгере отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру, өздігінен білім алуға үйрету.

«Бастауыш» бірлестігінің мақсаты: " Заманауи білім беру технологияларының элементтерін қолдану арқылы оқушылардың білім, білік, іскерліктерін өмірде қолдана білу дағдыларын жетілдіру, дамыту, сауатты ұрпақ тәрбиелеу "

Бастауыш пән бірлестігінің шығармашылық тақырыбы:

«Жаңартылған білім бағдарламасы аясында белсенді орта қалыптастыра отырып, білім алушылардың білім сапасын арттыру мен жан-жақты көзқарасы қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу»

Бастауыш пән бірлестігінің мақсаты:

- Білім алушылардың білім алуға қол жеткізуін қамтамасыз ету және олардың оқуға қызығушылығын арттырудың жолдарын қарастыру.
- Бірлестік мұғалімдеріне жан-жақты әдістемелік көмек көрсетіп, олардың ұстаздық іс-тәжірибесін терең меңгеруін қамтамасыз ету.
- Мұғалімдердің үнемі өзіндік саяси, теориялық және әдістемелік білімін көтеріп отыруына дұрыс бағыт-бағдар беру.
- Озат іс-тәжірибелерді жете қадағалап, олардың тиімділерін мектеп өміріне енгізу жұмыстарын мүмкін ету.
- ҚР-да білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын мектепте оқып-үйренуді қамтамасыз ету.

Бастауыш пән бірлестігінің негізгі міндеттері:

- Оқу жоспарлары мен бағдарламаларды жетілдіру.
- Оқу құралдарының мазмұнын дайындау мен оны жаңарту.
- Сабақтардың барлық түрлерінің өту тиімділігінің әдістемесін жетілдіру.
- Озат тәжірибені жалпылау мен тарату жолдарын қарастыру.
- Оқытудың әдіс - формаларын жетілдіру, тиімді жолдарын іздестіру.
- *Барлық типтегі сабақтарды өткізудің жоғары әдістемелік деңгейін қамтамасыз ету.*
- *Жас мамандардың кәсіби тұлғасын қалыптастыру.*
- *ӘБ мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін көтеру.*
- *Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдер іс-тәжірибесінің тиімді тұстарын айқындау, жинақтау, тарату.*
- *Оқу-тәрбие жұмысына жаңа педагогикалық технологияларды ендіру.*
- *Бастауыш саты мұғалімдерінің дамыта оқыту, модульдік оқыту технологиясы бойынша біліктілігін дамыту.*
- *Бастауыш саты оқушыларының бойында рухани-адамгершілік қабілеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін эстетикалық талғамын ояту арқылы дамыту.*
- *«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтарын білуге, өз Отанымыз – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге үйрету.*
- Әр мұғалім өз жұмысында және бүкіл техникалық тізбекте технологияның үздіксіз өзгерістеріне бейімделу.
- 12 жылдық білім беру тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып баланың жас ерекшелігіне сәйкес өз әрекетін, мінез-құлқын қалыптастыратын дара тұлға ретінде дамыту.
- Оқу - тәрбие үрдісінде зерттеу және жобалау әдістерін енгізу.
- Аттестаттанудан өтетін мұғалімдердің тізімін жасап, жоспарлау.
- Әкімшілік бақылау, сынақтар алуды ұйымдастыру.
- Мектепшілік олимпиада өткізуді жоспарлау.
- Оқу – тәрбие жұмыстарына қажетті құрал-жабдықтарға сұраныстапсыру.
- Дарынды балаларды оқыту ортасын сапаландыру.

Пән бірлестігінің ережесі:

Әдістемелік бірлестік туралы ереже

I. Жалпы ережелер:

- Әдістемелік бірлестік білім мекемесіндегі әдістемелік қызметтің негізгі құрылым бөлігі болып табылады. Әдістемелік бірлестік бір немесе бірнеше бағыттас пән бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, эксперименттік және сыныптан тыс жұмыстар жүргізеді;
- Әдістемелік бірлестік бір пән немесе бірнеше бағыттас пәндер бойынша құрамы кемінде 5 мұғалім болған жағдайда құрылады. Әдістемелік бірлестіктерді құру, олардың құрамына өзгерістер енгізу мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылады;
- Әдістемелік бірлестіктер тікелей директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарына бағынады.

II. Әдістемелік бірлестіктің міндеттері мен қызмет бағыттары:

Әдістемелік бірлестік төмендегідей міндеттерді шешу үшін құрылады:

- пән бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, эксперименттік жұмыстарды жоғары деңгейде ұйымдастыру және жүргізу;
- сабақ беру әдістемесін жетілдіру;
- мұғалімдердің педагогикалық біліктілігін көтеру;
- педагогикалық эксперименттерді жүргізу.

I. Әдістемелік бірлестіктің негізгі жұмыс түрлері:

- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу әдістемесінің проблемалары бойынша педагогикалық эксперименттерді өткізу және олардың нәтижесін білім процесіне енгізу;
- оқу-әдістемелік мәселелер бойынша мұғалімдердің шығармашылық есептері, дөңгелек кестелер, семинарлар т.б;
- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу әдістемесінің мәселелері бойынша әдістемелік бірлестіктердің отырыстары;
- пән бойынша ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар;
- оқыту және тәрбиелеу әдістемесі, жалпы педагогика және психология мәселелері бойынша лекциялар, баяндамалар және дискуссиялар;
- озат педагогикалық тәжірибені және басқару құжаттарының талаптарын зерттеп, оларды процесіне енгізу;
- пән және әдістемелік апталықтарды өткізу;
- өзара сабаққа ену;
- оқу сабақтарының өткізу сапасын бақылау.

II. Әдістемелік бірлестік қызметінің негізгі бағыттары:

- пәндер бойынша білім деңгейінің қорытындыларын талдау;
- оқу жоспарының вариативтік бөлімдерін жасауға қатысу;
- оқу бағдарламаларындағы минимал көлем мен мазмұнға қойылатын талаптарға өзінше енгізу;
- оқу әдістемелік және дидактикалық материалдарды талдау;
- пәндер бойынша ашық сабақтар және ашық сыныптан тыс іс-шаралар өткізу;
- пәндерді оқыту әдістемесі бойынша баяндамалар дайындау және талқылау;
- оқушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, жетекшілік жасау және бақылау мәселелерін қарастыру;
- оқытудың жаңа технологияларын іздеу және енгізу бойынша педагогикалық эксперименттерді ұйымдастыру және жүргізу.

III. Әдістемелік бірлестіктің жұмысы:

Әдістемелік бірлестікті бірлестік мүшелерінің келісімімен тәжірибелі ұстаздар тарапынан таңдалған жетекші басқарады. Бірлестік жетекшісін мектеп директоры тағайындайды.

Әдістемелік бірлестіктің жұмысы жылдық жоспар негізінде іске асырылады. Жоспар әдістемелік бірлестіктің жетекшісі тарапынан құрылады, әдістемелік бірлестіктің отырысында қарастырылады, директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарымен келісіліп, мектеп директорымен бекітіледі.

Әдістемелік бірлестіктің отырысы тоқсанда кемінде бір рет өткізіледі. Отырыстың мерзімі, өтілу орны туралы төраға дер кезінде директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарына хабарлау керек. Қаралып отырған әр мәселе бойынша ұсыныс қабылданып, ол хаттама түрінде жазылады. Ұсыныстар әдістемелік бірлестік жетекшісінің қолымен бекітіледі.

IV. Әдістемелік бірлестіктің құжаттары:

- ӘБ төрағасын тағайындау туралы бұйрық.
- Әдістемелік бірлестік туралы ереже .
- Өткен оқу жылының жұмысын талдау.
- Әдістемелік жұмыстың тақырыбы, оның мақсаты, негізгі бағыттары және жаңа оқу жылының міндеттері.
- ӘБ жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспары.
- ӘБ мұғалімдері туралы мәліметтер.
- ӘБ мұғалімдерінің өз білімін жетілдіру тақырыптары туралы мәліметтер.
- ӘБ мұғалімдерінің біліктілін көтеру кестесі.
- ӘБ мұғалімдерін аттестациялаудың перспективті жоспары.
- Пән бойынша ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар өткізу кестесі.
- Оқу бағдарламалары .
- Пән апталықтарының жоспары.
- Жас маманмен жұмыс жоспары.
- Пән бойынша алынған бақылау жұмыстарының қорытындылары.
- ӘБ отырыстарының хаттамалары.

V. Әдістемелік бірлестіктің құқықтары:

Әдістемелік бірлестіктің құқығы бар:

- мұғалімдердің біліктілік разрядтарын көтеру туралы ұсыныс дайындауға;
- мектепте оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныс беруге;
- ӘБ-те жиналған озат педагогикалық тәжірибе материалдарын жариялау туралы мәселені қоюға;
- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша директор орынбасарларынан кеңес сұрауға;
- мұғалімдердің аттестациясын ұйымдастыру және мазмұны бойынша ұсыныстар беруге;
- ӘБ тарапынан «Жыл мұғалімі» сайысына мұғалімдерді ұсынуға.

VI. Әдістемелік бірлестік қызметін бақылау

Әдістемелік бірлестіктің қызметі мектеп директоры және оның орынбасарлары тарапынан бақыланады. Бақылау мектептің әдістемелік жұмысы және мектепшілік бақылау жоспарларына сәйкес жүргізіледі.

VII. Әдістемелік жұмысының негізгі міндеттері:

- Ұстаздардың педагогикалық шеберлігін жетілдіру.
- Сабақтар өтілуінің жоғары әдістемелік деңгейін қамтамасыз ету.
- Жас мамандарды кәсіби шыңдау.
- Жаңа ақпараттық технологияларды ендіру негізінде оқу сабақтардың өтілу сапасын жоғарылату.
- Оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін, жаңа технологияларды іздеу бойынша педагогикалық эксперименттерін жалғастыру.
- Шығармашыл мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесін анықтау, жинақтау және тарқату. Білім беру процесінің жаңа әдістемелік жасақтауын талдау және апробациялау, озат педагогикалық тәжірибені, оқытудың жаңа формаларын, әдістерін ендіру.
- Барлық құжаттарды жүргізу сапасын жоғарылату бойынша жұмысты ұйымдастыру және өткізу.
- Оқу, ғылыми-әдістемелік және дидактикалық материалды жасау.

Пән бірлестігіндегі мұғалімдердің міндеттері:

- Пән бірлестігінің отырысын өткізу;
- Пән бірлестігінің шешімі және ұсынысының орындалуы, құжаттардың жүргізілуі;
- Пән бірлестігіндегі мұғалімдердің озық іс-тәжірибелерімен танысып, тәжірибелерінде қолдану;
- Пән апталығын өткізу және оған дайындық жүргізу;
- Конференция, семинар, дөңгелек стол, іскерлік ойын өткізу, дайындық жұмыстарын жүргізу;
- Оқушылардың пәндік олимпиадасын, интеллект, білім сайыстарын өткізу;
- Пән бойынша сабақтан тыс іс-шаралар өткізу;
- Сабақтар, факультатив сабақтар, үйірме сабақтарына ену.

**Бастауыш әдістемелік бірлестігінің өткен оқу жылының
қорытынды есебі.
2022-2023 оқу жылы.**

Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі- оқушыны білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасайтын жаңаша тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру. Мектептегі бастауыш оқыту үрдісінің негізгі мақсаттары-баланың білім игеру кезіндегі ойлау қабілетін қалыптастыру сол арқылы таным әрекетін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді.

Бастауыш саты – білім, дағды, іскерліктің, шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуының бастамасы болып табылады.

Бастауыш мектептің әдістемелік тақырыбы: «Сабақ процесінде жаңа технологияларды қолданудың жолдарыннақтылап, тиімді пайдалана білу, бәсекелестік білім беруде мұғалімдердің біліктілігі мен шығармашылық деңгейін көтеру арқылы оқу-тәрбие үрдісінің сапасын күзіреттілігін арттыру жолдары».

Бастауыш сынып пән бірлестігінде 29 мұғалім ұстаздық қызмет атқарады. Оның жоғары білімдісі – 29

Бастауыш сыныптарда 18 сынып комплектісі, 1 мектепалды даярлық сынып білуде.

Әр сынып жетекшілері бұйрыққа сәйкес Ы. Алтынсарин атындағы білім беру академиясының оқу бағдарламасын басшылыққа ала отырып 2022-2023 оқу жылына күнтізбелік жоспар жасады. Оқушылар барлық сыныптарда оқулықпен қамтамасыз етілді. 1 қыркүйек Білім күніне байланысты барлық сынып жетекшісі «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында алғашқы сабақтарын өткізді.

Отбасы күніне арналған 4 «Ә» сыныбында «Мен және менің Отбасым» атты тақырыпта 4 «А» сыныбында «Ұсаз-ұлы есім» тақырыптарында тәрбие сабақтары өткізілді.

Тілдер мерекесіне байланысты бастауыш сынып арасында «Қасиетті ана тілім» тақырыбында әр сыныпта сынып сағаттары өтті. «Алтын күз» мерекесі де ойдағыдай өтті. 1-желтоқсан Тұңғыш президент күніне орай, 16-желтоқсан «Желтоқсан жаңғырығы» атты жалпы сынып сағаттары жоғары деңгейде өтті.

Әдістемелік апталығында аттестацияға берген мұғалімдер ашық сабақ берді. Сабақтарында құрылымы жүйелі құрылды. Әсіресе бағалаудың ерекше жаңа әдістерін пайдалана отырып, оқушылардың қабілетіне сай іс-әрекет жасауына жағдай жасалды. Оқытуда ұйымдастырудың әр түрлі формалары: ұжымдық, топтық, жұптық жұмыс түрлері кеңінен пайдаланды.

Бастауыш бірлестігінде аймақтық семинар өткізілді. «Жаңа білім беру жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту-сапалы білім кепілі». 2-4 сынып жетекшілері ашық сабақтар және тәрбие сағаттар, коучингтер өткізілді.

2022-2023 оқу жылына бастауыш сынып бірлестігінің жұмыс жоспары

Такырыбы: Жаңартылған білім мазмұның іске асырудың тиімді жолдары.

Мақсаты: Жаңартылған білім мазмұнын іске асыратын тиімді жолдарын ұсыну.

Міндеттері:

1. Бастауыш сыныптарында жаңартылған білім мазмұнын іске асыруға бағытталған әдістемелерді, жаңа технологияларды және жұмыс тәсілдерін меңгеру, жүйелеу және іріктеу тәжірибесін ұсыну.
2. Бастауыш сыныптарында оқушылардың жаңартылған білім мазмұнын іске асыруға бағытталған әдістемелер технологияларды және жұмыс тәсілдерін тиімді іске асыру тәжірибесін ұсыну.
3. Бастауыш сыныптарында жаңартылған білім мазмұнын іске асыруға бағытталған әдістемелерді, технологияларды және жұмыс тәсілдерін тиімді қолдану бойынша коучингтер, шеберлік сыныптарын, тренингтер, семинарлар өткізу.
4. Оқушылардың жаңартылған білім мазмұнын іске асыруға бағытталған ашық сабақтар шеруін, сыныптан тыс жұмыстарын өткізу.
5. Бастауыш сынып сабақтарында оқушылардың қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін жетілдіру мақсатындағы «Сабақты зерттеу» (LS) әдістемесін тиімді қолдану бойынша ұсыным жасау.
6. Бастауыш сынып сабақтарында МЖМБС орындалу деңгейін айқындау.
7. Бастауыш сыныптары бойынша дарынды балалармен жұмыс деңгейін анықтау.
8. Бастауыш сыныптарында үлгермі төмен және үлгермеуші оқушылармен жұмыс деңгейін анықтау.

Күтілетін нәтиже:

Бастауыш сыныптарында жаңартылған білім мазмұнын іске асыратын тиімді жолдары ұсынылады

Бастауыш сынып бірлестігінің негізгі жұмыс бағыты

№	Жұмыстың мазмұны	Өткізілу форматы	Күні	Жауапты	Аяқтау формасы
---	------------------	------------------	------	---------	----------------

I. Ұйымдастырушы- сараптамалық іс-әрекет

1	Әдістемелік нұсқау хатпен, нормативтік құжаттармен және оқу бағдарласымен танысу	ӘБ отырысы	Тамыз	ӘБ жетекшісі	Жұмыс жоспары
2	2022-2023 оқу жылының әдістемелік жоспарын талқылап, бекітуге ұсыну	ӘБ отырысы	Тамыз	ӘБ жетекшісі	Жұмыс жоспары
3	Тақырыптық-күнтізбелік жоспарды, қолданбалы, таңдау курстарын талдау, бекіту	ӘБ отырысы	Тамыз	ӘБ жетекшісі	Жұмыс жоспары
4	Оқушылардың дәптерлеріне қойылатын бірінғай талап	ӘБ отырысы	Тамыз	ӘБ жетекшісі	Жұмыс жоспары

II. Оқушылардың білім сапасының мониторингі

1	Математика пәні бойынша 1-4 сынып оқушыларының білімін бағалау	Бақылау жұмыстарын алу	Қазан	Г.Исахова	Анықтама
2	Дүниетану пәні бойынша 2-4 сынып оқушыларының білім деңгейін анықтау	Тест алу	Қазан	Г.Исахова	Анықтама
3	Әдебиеттік оқу пәні бойынша 2-4 сынып оқушыларының білім деңгейін анықтау	Тест алу	Қазан	Г.Исахова	Анықтама
4	Әдебиеттік оқу пәнінен 2-4 сынып оқушыларының оқу техникасының деңгейін анықтау .	Зерделеу	Қазан	ӘБ жетекшісі	Анықтама
5	Қазақ тілі пәндерінен 2-4 сынып оқушыларының білім деңгейін бағалау .	Диктант	Қазан	Г.Исахова	Анықтама
6	Өзара дәптер тексеру. Оқушылардың жұмыс дәптерлерінің жағдайы, уақтылы нормаға сай тексерілуі 2 – 4 сынып	ӘБ отырысы	Қазан	ӘБ жетекшісі	Анықтама
7	Дарынды балалармен жұмыс барысы.	Папка жүргізу	Қараша	Пән мұғалімдері	Анықтама
8	Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс .	Папка жүргізу	Қараша	Пән мұғалімдері	Анықтама

III. Әдістемелік бірлестік мұғалімдерінің теориялық білім деңгейінің мониторингі

1	Бастауыш сынып мұғалімдерінің теориялық білім деңгейін анықтау	Тест алу	Желтоқсан	ӘБ жетекшісі	Анықтама
2	Бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық портфолиосымен танысу.	Зерделеу	Ақпан	ӘБ жетекшісі	Анықтама
3	Бастауыш мұғалімдерінің ашық сабақтармен сыныптан тыс жұмыстарының жүргізілуі.	LS	Сәуір	ӘБ жетекшісі	Анықтама
4	Бастауыш мұғалімдерінің айлық барысында бір –бірімен тәжірибе алмасуы.	Семинар, тренинг, коучинг терге қатысу	2023-2024 оқу жылында	ӘБ жетекшісі	Анықтама

IV. Бастауыш сынып пәндер бойынша үйірме жұмыстарының тиімділігінің мониторингі

1	Бастауыш сынып пәндерінің үйірме бағдарламаларымен қамтамасыз етілуі	Зерделеу	Жыл бойы	ӘБ жетекшісі	Анықтама
2	Бастауыш сынып пәндер бойынша үйірме жұмыстарының тиімділігі.	Зерделеу	Наурыз	Усипбекова Ж.	Анықтама
5	Бастауыш сынып бойынша мектепшілік үйірмелердің өзекті мәселелерін анықтау.	Зерделеу	Наурыз	Абданбаева А.	Анықтама

Келес ауданы №33 «Жұлтөбе» жалпы орта мектебінің

2022-2023 оқу жылына арналған бастауыш сынып мұғалімдері туралы мәліметі

№	Мұғалімнің аты-жөні	қызметі	Туған жылы	ұлты	білімі	Қай оқу орнын бітірді	факультет	мамандығы	Қай пәннен сабақ береді	Пед. стаж	Атт. өтк. жылы	Осы мекемеде қай жылы істейді	Шығармашылық жұмыс тақырыбы
3	Бейсова Б	тәрбиеші	13.11.1976	қазақ	жоғары	ШОПУ	технология	технология	технология	5	2010	40	Есте сақтау және зейінін дамыта отырып сабақтар ұйымдастыру

Келес ауданы №33 «Жуантөбе» жалпы орта мектебінің

2022-2023 оқу жылындағы бастауыш сынып мұғалімдері туралы мәлімет

№	Аты-жөні	Туылған жылы	Оқу орны	санаты	Еңбек өтілі
1	Онбаева Гулжанат Буркитбаевна	09.10.1977ж	ОҚПУ	Педагог-зерттеуші	25
2	Малмахова Гулдар Кенжеахмедовна	26.09.1980ж	ҚМУ	Педагог-зерттеуші	21
3	Калимбетова Малика Курбановна	3.10.1985ж	Жамбыл Гуманитарлық техникалық университеті	Педагог-модератор	9
4	Акирова Меруерт Абдрахмановна	1984.03.31	Тараз мемлекеттік педагогикалық институты	Педагог-модератор	18
5	Пернебекова Таттигул Абдиханқызы	10.04.1991	Аймақтық - әлеуметтік инновациялық университеті	-	1,6
6	Жумабекова Төлебике Замановна	01.12.1969	ШӨПУ	Педагог-зерттеуші	19
7	Тулембаева Нұрланкүл	02.10.1963	Әулие Ата унив.	Педагог-сарапшы	36
8	Ермекқызы Ұлбосын	02.04.1994	Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті	Педагог-модератор	4
9	Базаркулова Гулмира Аманжоловна	19.07.1967	Аймақтық инновациялық әлеуметтік университет	Педагог-зерттеуші	37
10	Унгалбаева Роза Тузелбаевна	12.09.1975	АГТУ	Педагог-сарапшы	25
11	Аманжолова Жаухар Идрисовна	06.12.1976	Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті	Педагог-зерттеуші	25
12	Алдан Гүлнұр Жаңабайқызы	30.10.1994	Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	-	1
13	Зиябекова Дильбар Джулдасбековна	06.02.1988	Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті	-	5
14	Нұрмаханбетова Гулзира Жолдасбековна	21.07.1982	Шымкент әлеуметтік	Педагог-модератор	19

№33 "Жуантөбе" жалпы орта мектебінің
бастауыш сыныптар бойынша І тоқсандық білім сапасының мониторингісі

№	Сыныптар	Сапа	орташа балы
1	2 А	78%	4,35
2	2 Ә	70%	4,1
3	2 Б	68%	4
4	2 В	64%	3,9
5	2 Г	61%	3,8
6	3 А	66%	3,9
7	3 Ә	71%	4,1
8	3 Б	73%	4,2
9	3 В	62%	3,8
10	4 А	79%	4,3
11	4 Ә	67%	4
12	4 Б	75%	4,2
13	4 В	67%	4
14	4 Г	65%	3,9



Оқу ісі орынбасары:
Бірлестік жетекші:

Г.Исахова
Г.Малмахова

Г.Исахова
Г.Малмахова


Бастауыш сынып мұғалімдерінің І жарты жылдықта өтілетін ашық сабақтар шеруінің кестесі 2022-2023 оқу жылы

№	Жұмыс тақырыптары	Өтілу форматы	Мерзімі	Сыныбы	Жауапты мұғалім	Нәтижесі
1	«Гг дыбысы мен әрпі»	Ашық сабақ	02.12.22ж	1 «А»	Ж.Аманжолова	Сабақ жоспары
2	«Бб дыбысы мен әрпі»	Ашық сабақ	27.10.22ж	1 «Ә»	Г.Омбаева	Сабақ жоспары
3	«Бб дыбысы мен әрпі»	Ашық сабақ	25.10.2022ж	1 «Б»	М.Акирова	Сабақ жоспары
4	«Хх дыбысы мен әрпі»	Ашық сабақ	12.12.22ж	1 «В»	Н.Қаптанова	Сабақ жоспары
5	«Хабарлы сөйлем»	Ашық сабақ	17.11.2022ж	2 «А»	Т.Жумабекова	Сабақ жоспары
6	«Хабарлы сөйлем»	Ашық сабақ	20.11.2022ж	2 «Ә»	Р.Унгалбаева	Сабақ жоспары
7	«Жүздіктерді қосу және азайту»	Ашық сабақ	09.11.2022ж	2 «Б»	А.Алибекова	Сабақ жоспары
8	«Уақыт. Уақыт өлшем бірліктері»	Ашық сабақ	01.12.2022ж	2 «В»	А.Хамитова	Сабақ жоспары
9	«Сұраулы сөйлем»	Ашық сабақ	23.11.2022ж	2 «Г»	Ұ.Ермекқызы	Сабақ жоспары
10	7-ге көбейту және бөлу кестесі	Ашық сабақ	18.10.2022ж	3 «А»	Г.Жаркимбаева	Сабақ жоспары
11	«Нағыз достық»	Ашық сабақ	18.10.2022ж	3 «Ә»	Л.Байтукова	Сабақ жоспары
12	«Дөңгелек сандарды ауызша көбейту және бөлу»	Ашық сабақ	15.12.2022ж	3 «Б»	Г.Малмахова	Сабақ жоспары
13	«Бастауыш»	Ашық сабақ	05.12.2022ж.	3 «В»	М.Калимбетова	Сабақ жоспары
14	«Сөйлемнің бірінғай мүшелері»	Ашық сабақ	09.11.22ж	4 «А»	Г.Базарқұлова	Сабақ жоспары
15	«Үш таңбалы сандарға көбейту алгоритмі»	Ашық сабақ	17.11.2022ж	4 «Ә»	Н.Тулембаева	Сабақ жоспары
16	«Таң ғажайып ертегілер»	Ашық сабақ	25.11.2022ж	4 «Б»	Г.Нұрмағанбетова	Сабақ жоспары
17	«Кітап-асыл қазына»	Ашық сабақ	26.11.2022ж	4 «В»	Ж.Шойбекова	Сабақ жоспары
18	«Оқыған жетер мұратқа»	Ашық сабақ	15.12.2022ж	4 «Г»	Б.Тастанова	Сабақ жоспары
19	«Жануарларды қалай қорғаймыз»	Ашық сабақ	20.10.2022ж	4 «В»	Д.Зиябекова	Сабақ жоспары
20	«Тыныс алу мүшелері»	Ашық сабақ	14.11.2022ж	3 «Б»	А.Алибаева	Сабақ жоспары
21	«Біздің сынып» «Қазақстаным-менің Отаным»	Ашық сабақ	22.11.2022ж 02.12.2022ж	2 «В»	З.Бейсова	Сабақ жоспары
22	«Жануарлар жойылып бара жатыр»	Ашық сабақ	18.10.2022ж	4 «А»	А.Кенжеева	Сабақ жоспары
23	«Біздің оркестр»	Ашық сабақ	23.11.2022ж	3 «В»	Н.Мадалиева	Сабақ жоспары

Дирек.орынбасары:  Г.Исахова
Бірлестік жетекшісі:  Г.Малмахова


Әдебиеттік оқу пәні бойынша 1-тоқсандық жиынтық бағалау жұмысының

қорытындысы




Жаратылыстану пәні бойынша 1-тоқсандық жиынтық бағалау жұмысының


қорытындысы



Қазақ тілі пәні бойынша 1-тоқсандық жиынтық бағалау жұмысының қорытындысы



Математика пәні бойынша 1-тоқсандық жиынтық бағалау жұмысының қорытындысы



Жас мұғалімдерге методикалық көмек:

1. Күнтізбелік жоспарды әзірлеуге көмектесу, күнделікті сабақ жоспарын дұрыс жазуға үйрету.
2. Мектептегі, аудандағы озық іс-тәжірибелі мұғалімдердің сабағы қатысуға мүмкіндік жасау.
3. Дидактикалық және көрнекілі материалдар жасауға көмектесу
4. Дарынды және нашар оқушылармен жұмыс жасауға үйрету
5. Сынып, мектеп құжаттарын дұрыс толтыру жолдарын үйрету
6. Педагогикалық ұжымның зерттеп отырған проблемалы тақырыбы жұмыс бағыттары оны зерттеу, шешу мүмкіндіктерімен таныстыру.

Жас мамандармен жұмыстың жоспары

2022-2023 оқу жылы

№	Атқаратын іс- шаралар	Уақыт	Атқарушы
1	Жас мамандарға тәлімгер бекіту	қыркүйек	Бірлестік төрайымы
2	Жас мамандарға күнтізбелік жоспарлардың қалай жасалуын үйрету, ОМДК жасауды үйрету	қыркүйек	Тәлімгер
3	Жас мамандарға күнделікті жоспарлардың қалай жасалуын үйрету. ҚМДК жасауды үйрету	қыркүйек	Тәлімгер
4	Нарматив құжаттар мен таныстыру	Жыл көлемінде	Тәлімгер
5	Озат тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына кіріп, сабақ ауысуды қамтамасыз ету	Жыл көлемінде	Тәлімгер
6	Методикалық әдебиеттермен, көрнекі құралдардан қалай пайдалануды үйрету.	Жыл көлемінде	Тәлімгер
7	Ашық сабақтарға, сыныптан тыс жұмыстарға белсенді қатысуды қамтамасыз ету және қатыстыру.	Жыл көлемінде	Тәлімгер
8	Электронды журналын толтыруға көмектесу.	Жыл көлемінде	Тәлімгер
9	Сабақтарға көрнекі құралдар жасауды үйрету.	Жыл көлемінде	Тәлімгер
10	Қала көлемінде болатын интеллектуалды ойындарға, конференция, семинарларға қатыстыру.	Жыл көлемінде	Тәлімгер
11	Жас мамандарға білім стандарты туралы мәлімет беру.	Жыл көлемінде	Тәлімгер
12	Жас мамандың жыл көлемінде атқарған жұмысы туралы бірлестікте талқылау.	Мамыр	Тәлімгер
13	7 Модул идеясын түсіндіру. Сындарлы оқыту теориясы бойынша түсінік қалыптастыру.	Қыркүйек	Тәлімгер
14	Мектептің іс-шараларымен таныстыру. Коучинг Уокшоп сессияларына қатыстыру.	Наурыз	Тәлімгер
15	Сабақты талқылауды үйрету	Жыл көлемінде	Тәлімгер
16	Пән кабинетін жабдықтауды үйрету	Жыл көлемінде	Тәлімгер
17	Ашық сабақтарда психологиялық ойындарды қолдануды үйрету	Жыл көлемінде	психолог
18	Сабақты басқа пәндермен байланыстыруды үйрету	Жыл көлемінде	Тәлімгер
19	Үлгерімі төмен және дарынды оқушылармен жұмыс алып жүруді үйрету	Жыл көлемінде	Тәлімгер
20	Өзіндік құжаттар дайындауды, рефлексия жазуды үйрету	Жыл көлемінде	Тәлімгер
21	Сабақты өмірмен байланыстыруды үйрету.	Жыл көлемінде	Тәлімгер
22	Тест дайындауды үйрету.	Жыл көлемінде	Тәлімгер
23	Сабақ кезінде өзін қалай ұстауды үйрету.	Жыл көлемінде	Тәлімгер

«Бекітемін»

Мектеп директорының м.у.а. _____

А.Қуатова

Келес ауданы №33 «Жуантөбе» жалпы орта мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы
жас мұғалімдермен жүргізілетін жұмыс жоспары.

№	Атқарылатын жұмыс мазмұны	Норм-тік құқықтық құжат	Мерзімі	Жауапты	Қай жерде қаралады	Түпкі нәтижесі
1	Жас мұғалімдерді тәжірибелі мұғалімдерге бекіту		қыркүйек	Дир.орынбасары	Апталық жиналыс	Бұйрық
2	Жас мұғалімдердің сабақтарына ену әдістемелік көмек беруді ұйымдастыру		үнемі	Дир.орынбасары	Апталық жиналыс	Анықтама
3	Сынып журналдармен іс-қағаздарын толтыру туралы кеңес беру		қыркүйек	Дир.орынбасары	Апталық жиналыс	Іс-шара
4	БЖМ-ға дайындығының жылдық жүйелілік жұмыстарын бақылау	Жоспар	Жыл бойы	Дир.орынбасары Сынып жетекшісі	Әдістемелік кеңес	Хаттама
5	Жас мұғалімдердің сабақтарына ену, тәжірибе алмасуын ұйымдастыру		Әр тоқсан	Дир.орынбасары Бірл.жетекшісі	Бірлес.отырыс	Хаттама
6	ҚР-ның «Білім туралы» заңының Қ.Р.Конституциясын және басқа нормативтік құжаттарды оқып үйренуін бақылау	Заң актісі	Жоспар бойынша	Дир.орынбасары	Апталық жоспар	Хаттама
7	Жас мұғалімдердің өз біліктілігін жетілдіру үшін білім курсынан өтуіне басшылық жасау		үнемі	Дир.орынбасары	Әдіс.кеңес	Хаттама
8	Тәжірибелі ұстаздармен сұхбат, кездесулер өткізу		үнемі	Дир.орынбасары		
9	12 жылдыққа көшу туралы материалдармен үнемі танысып отыру		Жоспар бойынша	Дир.орынбасары	Әдіс. кеңес	
10	Жаңа технологимен жұмыс істеу. Т.О.Қ.пайдалануын қадағалау		кезінде		Бірлес.отырыс	Мәлімет
11	Көрнекіліктердің жасауын оның тиімді пайдалануын қадағалау					
12	Жас мамандардың ата-аналармен, мектеп психолгтармен байланысып бақылау	Жоспар	Кезінде	Дир.орынбасары		Мәлімет
13	Жас мұғалімдердің ашық сабақ өтуін, олардың		үнемі	Дир.орынбасары	Апталық	Мәлімет